

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

№39 «Достық» балабақшасы

**«Мемлекеттік рәміздер-кемел
болашақтың кепілі»**

қызметкерлер арасында дөңгелек үстел

Ақтөбе 2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту. Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Дөңгелек үстеліміз Отанымыздың ұлттық мақтанышы – мемлекеттік рәміздерге арналады. Онда мемлекетіміздің рәміздері туралы білімдерімізді толықтырып, құрметтеуге үйренеміз. Кез келген мемлекеттің айшығы – мемлекеттік рәміздері екені белгілі.

Гимн орындалады.

Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі – мемлекеттік рәміздерімізді қадір тұту болып табылады. Жас ұрпақты елжандылық негізде тәрбиелеуде де мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше. Олай болса, рәміз дегеніміз не?

Рәміз – белгілі идеяны білдіретін белгі, бейне. Адамға ой-пікір туғызады.

Ортақ түсінік бойынша, орақ еңбекті, таға бақытты, зәкір (якорь) үмітті, лира музаны, арыстан құдіретті бейнелеген көкшіл жалау бейбітшілік рәмізі.

Рәміздік белгілер ғасырлар бойы дами келе мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, гимн) айналды.

Ту – тұтастық пен бірліктің, ынтымақтың құдіретті белгісі. Ол елдік пен егемендікті дүниеге паш етіп тұрады.

Елтаңба – мемлекеттік мөрлерде (облыс, қала, мекеме), алтын, күміс ақшаларда бейнеленген ажырату белгілері.

Гимн – өлеңге жазылған салтанатты ән.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 4 маусымдағы №3827 Жарлығына толықтырулар енгізіліп, 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні ретінде аталып өтетін болды.

1992 жылы 6 маусым күні тәуелсіз еліміздің тұңғыш мемлекеттік рәміздерінің тұсаукесер салтанаты өтіп, сол күні Президент сарайы мен Парламент Үйінің төбесіне Ту көтерілді, Елтаңба орнықты. 6 ай өткен соң 1992 жылы 11 желтоқсанда Мемлекеттік Гимннің мәтіні бекітілді. Ол 2006 жылы қайта өзгеріп, желтоқсан айында жаңа Гимн қабылданды.

«Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі.

Мемлекеттік рәміздер - халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлемінде қалықтап тұр.

«Біз Тәуелсіздігіміздің нышандарын көздің қарашығындай сақтауымыз керек, қасиет тұтуымыз керек. Еліміздің әрбір азаматы Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ерекше құрметтеуге міндетті. Өйткені олар халқымыздың мақтанышы, біздің ең киелі құндылықтарымыз.»
Н.Ә.Назарбаев.

Кең байтақ қой Қазақстан картасы,
Астанамен айшықталған ортасы.
Бүгін бізге тандай қағар күллі әлем,
Бұның бәрі Елбасының арқасы.
Бүгінгі дөңгелек үстелімізде **«Көк аспан»** тобы Мемлекеттік Ту туралы, **«Алтын дән»** тобы Мемлекеттік Елтаңба туралы және **«Қыран»** тобы Мемлекеттік Әнұран туралы жинақтаған деректеріңізді ортаға сала отырып, топ болып жұмыс істеп, мемлекеттік рәміздер туралы жобамызды қорғап шығамыз.
Қазақ халқы көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізді. Егемен мемлекет болды. Әрбір азат елдің өзінің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілері болады. Солардың бірі Мемлекеттік рәміздер. 1992 жылы 4 маусымда егемен еліміз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды. Олар Қазақстан Республикасының әнұраны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы, Қазақстан Республикасының туы.

«Көк аспан» тобы тұғырлы Туымыз туралы жинаған деректерін ортаға салады.

Мемлекеттік туымыз бірыңғай көгілдір түсті. Бұл түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанды елестетеді. Бұлтсыз ашық аспан әрқашан да бейбітшіліктің тыныштық пен жақсылықтың нышаны. Көк түс – Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын білдіреді.

Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп өркендеудің, өмірдің бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі.

Күннің астындағы қалықтаған қыран елдің еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін жария етеді. Ағаш сабына бекітілген тұстағы тік жолақ ұлттық оюлармен өрнектелген. Күн, қыран, ою-өрнек алтын түсті.

Тудың авторы еліміздегі дизайнерлік өнердің ірге тасын калаушылардың бірі, Чехославакияда өткен (1961 ж.) халықаралық дизайнерлер байқауының алтын жүлдегері, Алматы қаласының бас суретшісі Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков ағамыз.

Алтын дән» тобы еңселі Елтаңбамыз туралы:

Ал бүгінгі таңба Елтаңбамызда не бейнеленген екен, соған тоқталайық, ол үшін сөзді **«Алтын дән»** тобының мүшелеріне берейік (Экраннан мемлекеттік елтаңба, оның авторларының суреттерін көрсетіп тұрады)
Біздің Елтаңба - әлемде сирек кездесетін Елтаңба. Елтаңба негізі – Шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ мемлекеттің түп- негізі отбасының бейнесі. **Шаңырақ:** Отан отбасынан басталады, ортақ шаңырақ биік, босаға берік болсын деген мағынада. Ал, уықтар: үлкен үйдің уықтары ел- жұртқа бай, қуатты тілеймін дегенді білдіреді. Ақ мүйізді, алтын қанатты, қос пырақ: арыстанның жүректілігін, қыранның қырағылығын білдіреді. Бес бұрышты жұлдыз: «Бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін» деген асыл

арманды арқалап тұр. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес. Елтаңбаның үздік жобасына 245 жұмыс, 67 хат ұсынылған еді. Халық қалаулылары мен Елбасы назары сәулетші Жандарбек Мәлібекұлы мен Шота Уәлиханов жасаған бүгінгі елтаңбамызға ауды. Көп ұзамай тәуелсіз елдің төл белгісі қалың жұртшылықтың жүрегіне жол тартты. Елтаңбаның авторлары - Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов.

Елтаңба

Өр қанатты сұңқардың
Қанатымен шырқар кім?
Қазақстан – Отаным,
Әлем білген атағын.
Жарқыраған әр таңда
Мемлекеттік Елтаңба.

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үй
Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күй.
Бұл таңбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.
Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем, әдемі.
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.

«Қыран» тобы асқақтаған Әнұран.

Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы – Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.

1986 жылы «Менің Қазақстаным» бостандық аңсаған қазақ жастарының бейресми әнұраны болған еді.

2006 жылғы 7 қаңтардағы Конституциялық заңға сәйкес ҚР-ның Мемлекеттік Әнұранының музыкалық редакциясы мен мәтіні жаңа редакцияда жазылды. Мемлекеттік Әнұранның авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жүмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Алғашқы рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде

«Менің Қазақстаным» әні 10 қаңтарда 2006 жылы, Елбасын ұлықтау рәсімінде орындалды.

Бұл Әнұранның сөзі республикамыздың барлық халықтарының жүрегіне жақын, жұрттың бәрінің көңілінен шыққан, терең отаншылдық сезімдегі ән.

Әнұраным –жан ұраным
Айтар әнім, сөйлер сөзім
Туған жерім сағынарым
Бақыт-бірлік күн талабы.
Тоқтамайды дабыр әні
Мәңгі бақи шырқалады
Республикам Әнұраны!
Шаттық кернер жүректі
Жеңіс туын көтерген
Жарыстарда сан қилы,
Жетіп бізге шетелден
Көкке әнұран шалқиды.
Шәмші атаның сазды үні
Жігер беріп қайратты,
Бәрімізді мәз қылып,
Жаңғыртады аймақты.

Қорытынды: Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет- ғұрыпты, салт- дәстүрді қастерлеу болып табылады. Қазақстан: Туымен-Тұғырлы,
Елтаңбасымен- Еңселі
Әнұранымен айбатты ел!

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

№39 «Достық» балабақшасы

«Рухты асқақтатар рәміздер»

балалармен әңгімелесу

Тәрбиешілер: Зулкакова Л.А

Намазбаева Г.А

Ақтөбе 2021-2022 оқу жылы

“Рәміздерім мақтанышым”

Егеменді елдің әрбіразаматы құрметтеуге және мақтаныш етуге тиісті ресми рәміздері бар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Ту, Елтаңба және Әнұранының сипаттамалары және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер туралы» заңмен белгіленген. Бұл заң 2007 жылдың 4 маусымында қабылданған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасы рәміздерінің тарихы 1996 жылғы 24 қаңтарда қабылданып, қазіргі таңда күші жойылған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заңынан басталуда.

Терминнің дұрыс пайдаланылуына байланысты 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде «нышандар» деген сөз «рәміздерге» ауыстырылды. «Рәміз» деген сөз гректілінде «символ» деп аталынады. Рәміз – философия мен психология өнерінің негізгі дәрежелерінің бірі. Дүние жүзіндегі мемлекеттің ресми рәмізділігі үш бірлікті білдіреді – Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Әнұран. Олар елдің саяси тәуелсіздігінің, егемендігінің белгісі болып табылады.

Көптеген елдерде мемлекеттік рәміздер жалпы ұлттық және біріктіруші күш ретінде ұғынады. Рәміздерді ни, партиялық, рулық бөліністерінен биік болып, барлығын біріктіреді.

Жас мемлекеттің рәміздерін жасау тарихына бүкіл Қазақстанның халқы атсалысты. Оған сол кезде жарияланған байқау куә. Мемлекеттік рәміздерде эстетикалық талаптармен бірге, тарихи, экономикалық, саяси мәні анық көрінетін шешімді табу қажет болатын.

Мемлекеттік туымыздың авторы республиканың өнер қайраткері – Шәкен Ниязбеков. Ол Қазақстандағы дизайн өнерінің негізін салушылардың бірі. Жалауды аяқпайтын элементтердің бірі – оның түсі. Көктүстің таңдалуы кездейсоқ емес, оладалдықтың, мінсіздіктің және сенімділіктің белгісі.

Бірлік пен біріккен көктүс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды ескесіледі. Аспандай ашық көктүс қазақтардың ұлттық түсі болып табылады. Өйткені көшпенді қазақтар үшін табиғат мекендеу ортасы ғана емес, сонымен қатар, өмірлеріндегі ажырамас бөлігі болатын. «Көк»

сөзі ежелгі түріктердің тіліне аударғанда «Шығыс» мағынасын беріп, осылай тудың түсі географиялық апараттың тасушысы ретінде қолданылады.

Геральдистердің сөзіне сүйенетін болсақ, Қазақстан жер шарының шығысында орналасып, шығыс мәдениетінің өкілі болатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалық күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдіртүстіматта.

Туың сабының түсында ұлттық көрнекті жолақ түрінде нақышталған.

Туымыздағы күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді. Шексіздалада ұшқан қыран, ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық белгісі. Күн,

оныңшұғыласы, қыранжәнеұлттықөрнекбейнесіалтынтүстес.
БүгінгіЕлтаңба — ЖандарбекМәлібековпенШот-
АманУәлихансекілдісәулетшілердіңшығармашылықіденіскетолыұлкенөңбегінің
жемісі. МемлекеттікЕлтаңбамыз - дөңгелекнысанды. Дөңгелек,
шығысқазақтарыныңасақұрметінде, өйткенібұлысанөміршексіздігініңбелгісі.
Ортасындашаңырақ (киізүйдіңжоғарғыкүмбезтәріздібөлігі) бейнеленген.
Шаңырақ — отбасыамандығы, бейбітшілігіжәнеашықаспандыбілдіреді.
Шаңырақтыайналакүнсәулесіндейтарапуықтаршаншылған.
Оларөмірменжылудыңбелгісі.
Оңжағыменсолжағындааңыздардағықанаттыпырақтарбейнесіорналастырылып,
жауғақарсыкүрестеарыстанныңүрейсіздігін, бұқаныңкүшіменқуаттылығын,
маралдыңжылдамдығын, түлкініңқулығынбілдіреді. Тұлпардыңалтынқанаттары —
астықтың, еңбектіңжәнематериалдықырыстыңбелгісі.
Елтаңбаныңортасындабесбұрыштыкөлемдіжұлдыз,
біздіңжүрегімізбенқұшағымызбарлықбесконтинентөкілдерінеашықдегенсөз.
ҚазақстанРеспубликасымемлекеттікәнұранныңнегізі —
олхалықарасындакеңтараған «Меніңелім» аттыпатриоттықөлең. Әнұран —
халықжүрегініңсоғуы, армандардыңқорытпасыболыптабылады.
ӘнұранныңавторларыШәмшіҚалдаяқов (әні),
ЖұмекенНәжімеденовжәнеҚРПрезидентіНұрсұлтанНазарбаев.
Әнұранресмирімізретінде,
Қазақстанболашағыменөзініңболашағынасетінқазақстандықтардыңортаққазына
сынаайналыпкетті.
ҚазақстанРеспубликасыныңмемлекеттікТуыменМемлекеттікЕлтаңбасыныңэталон
дарыҚазақстанРеспубликасыПрезидентініңРезиденциясындасақталады.
Туып-өскенжердіңмемлекеттіккрәміздерініңмағынасынтүсіну —
әрбірҚазақстаназаматыныңборышы.
Өржасұрпақ,
лауазымдытұлғамемлекеттіккрәміздерінзаңнамағасәйкесқадірлеп, қастерлеп,
құрметтұтуықажет.